

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Ғылыми кеңесшінің пікірі

6D110400 — «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бозсары қотырот (*Scabiosa ochroleuca* L.) шөбінен жаңа фитопрепараттардың фармацевтикалық негіздемесін жасау» тақырыбында диссертациялық жұмысты орындаған PhD докторант Арайлым Бейбитқызы Мукановаға
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Муканова Арайлым Бейбитқызы 2010 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Фармация мамандығына бакалавриатқа қабылданып, 2015 жылы табысты аяқтады. Сол жылы Фармация мамандығы бойынша аталған оқу орнына ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратураға қабылданды.

Докторант магистратурада оқып жүргеннен-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарға қызығушылық танытып, түрлі жобаларға қатысып, өзінің ғылыми потенциалын дамытуға бағытталған жұмыстар атқарды.

Муканова Арайлым Бейбитқызы 2018 жылдан 2022 жылға дейін С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша PhD докторантурада білім алды. Оқу барысында аталған мамандық бойынша негізгі білім, әдіснамалық дағдылар және ғылыми зерттеу даярлығын қамтитын білім беру бағдарламасын толық меңгерді. Диссертация нәтижелерін апробациялау аясында дайындалған баяндамалар, мақалалар, тезистер мен патенттер мазмұндылығы, практикалық маңызы және жаңашылдығымен ерекшеленді.

А.Б. Муканова өзінің критикалық ойлау дағдыларымен, тәртіптілігімен және командада тиімді жұмыс істей алу қабілетімен көзге түсті.

Оның деректерді терең талдау және негізгі тенденцияларды анықтау қабілеті оған негізделген қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік береді. Ол өзін мақсатқа жету барысында терең білімі бар жоғары білікті зерттеуші ретінде көрсетті.

Докторанттың зерттеу жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылған, нәтижелердің дәлдігі мен дәлелділігі айқын. Диссертацияның ғылыми-теориялық мәні, сонымен қатар практикалық қолданылуы, докторанттың терең білімін және ғылыми-зерттеу дағдыларын көрсетеді және алға қойылған зерттеу мақсаты мен міндеттерінің орындалғанын айқындайды, бұл оны 6D110400 — Фармация мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге лайықты етеді.

Ғылыми кеңесші

Фармация ғылымдарының докторы,
профессор



Датхаев У.М.